ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімі аппараты» КММ-нің қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

Белкөл кенті **31 тамыз 2026 жыл**

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімі аппаратының *(бұдан әрі - Аппарат)* қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Белкөл кенті әкімінің 2026 жылғы 29 шілдедегі №31-ө өкімімен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Қуанышбаев Нурлан Бакытбекұлы	-	Белкөл кенті әкімі аппаратының бас маманы, топ жетекшісі;
Қуаныш Нургуль Султанбековна	-	Белкөл кенті әкімі аппаратының жетекші маманы, топ мүшесі;
Мадиров Алдияр Нұрланұлы	-	Белкөл кенті әкімі аппаратының жетекші маманы, топ мүшесі.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 01.08 –31.08.2026 жыл аралығында жүргізілді.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен 30.04.2025 жылмен 31.08.2026 жылдың аралығындағы кезең қамтылды.

6. Белкөл кенті әкімі аппаратының бас маманы Н.Куанышбаев - топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Аппараттың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Аппараттың ұйымдастырушылық- басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Аппараттың -құзыреті шегінде Белкөл кенті әкімдігінің қызметін қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ Ережеге сәйкес жүзеге асыратын коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

Аппарат өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, мекеменің Ережесіне сәйкес іске асырады.

Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 120019, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, «Жаңа» мөлтек ауданы, №13/4 ғимарат.

II. Аппараттың қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, Аппарат өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы Бюджет кодексі;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы;
- «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі Салық Кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі;
- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 19 мамырдағы Заңы;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі Заңы және басқа да қолданыстағы құқықтық актілер;
- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы;
- «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығы;
- «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңы;
- «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы Заңы;
- «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 тамыздағы бұйрығы;
- «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңы.
- «Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 137 бұйрығы;

- ҚР Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасын бекіту туралы» № 169 бұйрығына сәйкес:
- «Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығы;
- «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1127 қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министірлігінің 2023 жылғы 23 мамырдағы №167 бұйрығының сәйкес «Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені, сондай – ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждықты айқындау өлшемшарттары» ережесі;

НҚА зерделеу нәтижесінде оларды сәйкесіздіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдер тудыратын деректер анықталмады.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

3.1. Кадрлық құрам бойынша:

30.04.2025– 31.08.2026 жылы жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен:

2025 жылдың сәуір айы 2026 жылдың тамыз айлары аралығы қорытындысымен аппаратта қызметкерлер саны – 12 бірлікті құрайды, оның ішінде:

6 – Мемлекеттік қызметшілер;

3 – штаттан тыс қызметкерлер;

3 – кіші (тех) қызметкерлер.

Белкөл кенті әкімі аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы бос әкімшілік лауазымына міндетін уақытша атқаруға конкурс өткізілместен (GPA көрсеткіші 3,59) - Ахтай Жауқазын Серікқызы тағайындалды. (11.03.2026 ж №9ж/қ өкімі)

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

2026 жыл бойынша:

2026 жылғы есепті кезеңде кент аппараттың жетекші маманы-Куаныш Нургуль Султанбековна **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылды *(19.03.2026 жылғы №13ж/қ)*;

кент аппараттың жетекші маманы-Мадиров Алдияр Нурланович **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылды *(01.04.2026 жылғы №16ж/қ)*;

кент аппараттың статисті –Кешубаева Қиғаш Алмасқызы **«ескерту»** түріндегі тәртіптік жаза қолданылды *(01.04.2026 жылғы №17ж/қ)*;

Аппарат қызметкерлері тарапынан этикалық нормаларды сақтау тұрақты түрде талап етіледі.

Мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жазалар .

2025 жылдың сәуір-2026 жылдың тамыз айлары бойынша:

Аппарат қызметкерлеріне қолданылған тәртіптік жазалардың мерзімінен бұрын алу фактісі орын алмаған.

IV. Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша:

АНЫҚТАМА РЕТІНДЕ:

Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің ақпараттық қолжетімділіктерін қамтамасыз ету мақсатында әкімшілікте стандарттарға сәйкес ақпараттық тақтайшалар және «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» талапқа сай қажетті техникалық құралдармен жабдықталған.

Белкөл кентіндегі азаматтардың құқықтық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін әкім аппаратының ғимаратынан «Құқықтық бұрышы» орналастырылған.

«Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 6 мемлекеттік қызмет түрі бойынша қызметтер көрсетеді. Оның ішінде 3 мемлекеттік қызметтер бойынша өтініштер қабылдаған.

2025 жыл бойынша:

2025 жыл қорытындысы бойынша кент аппараты тарапынан барлығы 66 (алпыс алты) мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның ішінде:

«Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2025 жылы 5(бес) қызмет көрсетілген;

«Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2025 жылы 58(қырық тоғыз) қызмет көрсетілген;

«Бұрын жер пайдалануға берілген жер учаскесін жекеменшікке сату» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2025 жылы өтініш түспеген;

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2025 жылы өтініш түспеген;

«Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2025 жылы-1 қызмет көрсетілген.

«Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту»-2 қызмет көрсетілген.

2026 жылдың қаңтар-тамыз айлары бойынша:

2026 жыл қаңтар-тамыз айлары бойынша кент аппараты тарапынан барлығы 49 (қырық тоғыз) мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның ішінде:

«Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2026 жылы өтініш түспеген;

«Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2026 жылы 47(он жеті) қызмет көрсетілген;

«Бұрын жер пайдалануға берілген жер учаскесін жекеменшікке сату» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2026 жылы өтініш түспеген;

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2026 жылы өтініш түспеген;

«Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 2026 жылы өтініш түспеген.

«Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту»-2 қызмет көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру бойынша.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына сәйкес көрсетілетін қызмет түрлерінің қызмет беруші мекемеге жолдану жолдарын оңтайландыру.

Белкөл кенті әкімі аппараты 6 мемлекеттік қызмет түрі бойынша қызмет көрсетеді. Көрсетілетін қызмет тұрлері әртүрлі порталдар арқылы қабылданады.

Атап айтқанда; «Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту» қызметі-Жылжымайтын мүліктің мемлекеттік бірыңғай кадастры (АРМ ЕГКН) порталы арқылы;

«Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» қызметі - «Электронды үкіметтің» веб-порталы (Е-лицензия) порталы арқылы;

«Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» қызметі- «Электронды үкіметтің» веб-порталы (ИИС ЦОН ГО) порталы арқылы қабылданады.

Азаматтар өтініш берер уақытта «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекетік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының қызметкерлеріне жүгінсе де порталдарды шатастырып, бір өтінішті әртүрлі портал арқылы бірнеше рет жолдайды. Соның салдарын өтініш иесіне қызмет көрсетуден бас тарту кезінде өтініш берушілердің наразылығын тудырып, арыз-шағым санының көбеюіне әкеледі. Арыз-шағым санының көбеюі өз ретінде мекеме жұмысында қағазбастылықтың көбеюіне және артық жұмысты талап етеді.

Белкөл кенті әкімі аппаратының бас маманының (Е-G-3) функционалдық міндеттеріне сәйкес:

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша жұмыстарды үйлестіреді. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі «электрондық үкімет» веб-порталы және мемлекеттік орган арқылы көрсетіледі. Аталған мемлекеттік қызметті алушы (өтініш беруші) мемлекеттік органға құжаттар топтамасын қолма-қол тапсырады.

Осы ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы (өтініш иесі) тарапынан тәуекелдер болуы мүмкін екендігін атап өтеміз.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдағаннан кейін өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру бойынша учаскелік комиссияның қорытындысын дайындау үшін оны және қалыптастырылған құжаттар топтамасын учаскелік комиссияға береді.

Учаскелік комиссия- атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеу жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімнің өкімімен құрылған арнайы комиссия;

Мансап орталығы –еңбек мобильділігі орталығының аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, Астанада оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын филиалы;

Осы ретте атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеу жүргізу барысында учаскелік комиссия құрамына Мансап орталығынан 1-маманды тұрақты түрде бөлу қажет деп есептейміз. Бұл өз кезегінде, учаскелік комиссия жұмысының сапасын жоғарлатуға септігін тигізеді.

ҰСЫНЫМ:

1. «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекетік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалына көрсетілетін қызмет түрлерінің қызмет беруші мекемеге жолдану жолдану жолдарын оңтайландыру бойынша.
2. Мансап орталығына, атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеу жүргізу барысында учаскелік комиссия құрамына Мансап орталығынан 1-маманды тұрақты түрде бөлу қажет деп санаймыз.

V. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Кент аппаратпен рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

VI. Бақылау функцияларын жүзеге асыру:

- 2025 жылы кент әкімімен – 53 шешім, 71 өкім қабылданған;
- 2026 жылдың қаңтар-тамыз айларында – 32 шешім, 33 өкім қабылданып, бақылау-тексеру жұмыстары іске асырылды.

VII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу:

- 2025 жылы бөлінген қаржы – 322144,2 мың теңге, игерілгені – 322114,2 мың теңге, игерілу пайызы – 100 %;
- 2026 жылы бөлінген қаржы – 477849,8 мың теңгені, игерілгені – 428638,2 мың теңге, игерілу пайызы – 90 % құрап отыр.

VIII. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

- 2025 жылы – 55 шарт;
- 2026 жылдың қаңтар-тамыз айында – 30 шарт.

IX.Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Ақпараттық жүйенің барлығы бұрын Қызылорда қаласы әкімдігі арқылы жүргізіліп келді. Белкөл кенті әкімдігінің ресми сайты 2023 жылдың 26 қыркүйегінен бастап қосылды.

X. Аппараттың ұйымдастырушылық – басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

10.1. Аппараттың жалпы құжат айналымы:

-2025 жылы жалпы құжат саны– 2558 *(кіріс – 1870, шығыс – 688)*;

-2026 жылдың қаңтар-тамыз айларына жалпы құжат саны – 1440*(кіріс –1082, шығыс – 358) құрап отыр.*

Өтініштер бойынша:

2025 жыл бойынша:

2025 жылы есепті кезеңде Аппартқа барлығы - 36 (отыз алты) өтініш түскен:
Жеке тұлғалардан – 20;
Заңды тұлғалардан – 9;
жеке қабылдау – 7.

2026 жылдың қаңтар-тамыз айлары бойынша:

2026 жылы есепті кезеңде Аппаратқа барлығы - 33 (отыз үш) өтініш түскен:
Жеке тұлғалардан –27 ;
Заңды тұлғалардан – 2;
жеке қабылдау –4.
Келіп тускен барлық өтініштерге тиісті түрде жауап қайтарылып, қажеттілікке байланысты тиісті органдарға жөнелтілген.

10.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша:

30.04.2025 –31.08.2026 ЖЫЛ БОЙЫНША:

Қала әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырыстарының қорытындысымен әзірленген хаттамалар бойынша тапсырмаларын орындау бойынша тиісті жұмыстар атқарылған, мерзімінен кешіктіріп орындаған немесе мүлдем орындалмаған хаттамалық тапсырмалар орын алмаған.

Белкөл кенті әкімі аппараты қызметкерлерімен, кенттегі мекемелерінің қатысумен /Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттері/ жөнінде 1-дөңгелек үстелі, 1-кездесу, 2-мәжіліс өткізілді.

Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімі аппараты қызметкерлеріне «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу» және Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидаты бойынша жиналыс барысында басшылық тарапынан тұрақты түрде ескертіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады.

Сонымен бірге, аппарат ғимаратындағы көрнекі жерлерге /қызметкерлер кабинеттерінің есіктеріне, қызметкерлер отыратын үстел алдына/ жеке және заңды тұлғаларды ақпараттандыру мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қатысты брошура ақпараттар;

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің фото суреттері **/СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ ХАБАРЛАЙДЫ, ПАРА БЕРУ БАС – БОСТАНДЫҒЫҢНАН ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫҢНАН АЙЫРАДЫ, ПАРА БЕРСЕҢ ЖАЗАЛАНАСЫҢ ЖӘНЕ Т.Б./, CALL CENTER: 1424** ақпараттары ілінген.

Бұдан бөлек, есепті мерзімде Белкөл кенті әкімдігінің әлеуметтік желілердегі **/Facebook, Instagram/** ресми парақшаларында Сыбайлас жемқорлықты болдырмау тақырыбында 1 /бір/ реттен посттар және БАҚ мақала жарияланған.

Аппараттың және бағыныстағы мекемеде атқарып келген қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

Талдау нәтижесінде кент аппараттың қызметінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша:

ҰСЫНЫМДАР:

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша:

1.1. «Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекетік корпорациясы

коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалына:

«Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекетік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалына көрсетілетін қызмет түрлерінің қызмет беруші мекемеге жолдану жолдану жолдарын оңтайландыру жөнінде ұсыныс хат жолдау.

1.2. «Қызылорда қаласының Мансап орталығы» филиалына:

«Қызылорда қаласының Мансап орталығы» филиалына, атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеу жүргізу барысында учаскелік комиссия құрамына Мансап орталығынан 1-маманды тұрақты түрде бөлу жөнінде ұсыныс хат жолдау.

2. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау және уәкілетті органға хаттар жолдауға қатысты іс-шара жоспарын құру.

«КЕЛІСІЛДІ»
Жұмыс топ мүшелері:

Белкөл кенті әкімі аппаратының
бас маманы, топ жетекшісі — Н.Куанышбаев

Белкөл кенті әкімі аппаратының
жетекші маманы — Н.Куаныш

Белкөл кенті әкімі аппаратының
жетекші маманы — А.Мадиров

Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:

Белкөл кенті әкімі **Ж.Сәду**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі

Белкөл кенті әкімінің аппараты

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Белкөл кенті әкімі аппаратының жетекші маманы (есепші)	Тәртіптік теріс қылықтың түрін анықтау	Мемлекеттік сатып алу жұмыстары бойынша конкурстық құжаттама топтамасын дайындайды, мемлекеттік сатып алулар бойынша конкурстар өткізеді.	Алдағы уақытта орын алу мүмкіндігі орташа.

«БЕКІТЕМІН»
Белкөл кентінің әкімі
Ж.Сәду
«31» тамыз 2026 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

Белкөл кенті әкімінің аппараты

№	Ұсыным	Іс-шара	Іс-шараны аяқтау нысаны	Орындаушылар	Іс-шараны орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына сәйкес көрсетілетін қызмет түрлерінің қызмет беруші мекемеге жолдану жолдарын оңтайландыру бойынша	Тиісті ұсыныс хаттың жобасын әзірлеу	«Азаматтарға арналған Үкімет» Мемлекетік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалына көрсетілетін қызмет түрлерінің қызмет беруші мекемеге жолдану жолдарын оңтайландыру жөнінде ұсыныс хат жолдау.	Н.Куаныш	1 жыл ішінде

2	«Қызылорда қаласының Мансап орталығы» филиалына, атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеу жүргізу барысында учаскелік комиссия құрамына Мансап орталығынан 1-маманды тұрақты түрде бөлу жөнінде ұсыныс хат жолдау.	Тиісті ұсыныс хаттың жобасын әзірлеу	«Қызылорда қаласының Мансап орталығы» филиалына хат жолдау	Н.Куанышбаев	1 жыл ішінде

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ
БЕЛКӨЛ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ
АППАРАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА ПОСЕЛКА
БЕЛКУЛЬ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА»
АКИМАТА ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА

ӨКІМ

«29» 07 2026
БЕЛКӨЛ КЕНТІ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 31
ПОСЕЛОК БЕЛКУЛЬ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне Ішкі талдауды жүргізетін жұмысшы тобын құру туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 06 тамыздағы №138 бұйрығының 13,15, 21,26 тармақтарына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН**:

1. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге келесі жұмыс тобының құрамы бекітілсін.

- Қуанышбаев Нурлан Бакытбекұлы- Белкөл кенті әкімі аппаратының бас маманы, топ жетекшісі;

-Қуаныш Нургуль Султанбековна - Белкөл кенті әкімі аппаратының жетекші маманы, топ мүшесі;

- Мадиров Алдияр Нурланович- Белкөл кенті әкімі аппаратының жетекші маманы, топ мүшесі;

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыстары 2026 жылдың 01-31 тамызы аралығында жүргізілсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауымен 2025-2026 жылдары аралығы қамтылсын.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы тобы заңнамада белгілеген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы өкімнің орындалуын бақылау және жетекшілік етуді өзіме қалдырамын.

Белкөл кентінің әкімі **Ж. Сәду**

000084